

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№1 хаттамасы

2022 қыркүйек

Қатысқаны – 7

Күн тәртібінде:

1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы (шолу тексерудің қорытындысы).
2. «Тіл – халық қазынасы» іс-шарасын бекіту, дайындық.
3. Жалпы ата-аналар жиналасына дайындық.
4. «Алтын күз» мерекесінің бағдарламасын бекіту.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Усербаева сөз алды. Жаңа оқу жылына педагогтар үлкен жауапкершілікпен дайындалды. Барлық топтарда ата-аналар бұрышы, денсаулық бұрыштары, табиғат бұрышы, кітаптар бұрышы, сюжетті-рөлді ойындар жиынтығы, папкаларда дамыту ойындары, қимылды ойындар, үстел үсті ойындарының жиынтығы бар. Барлық топтың ойын бөлмесі, жатын бөлмесі өзіне сай безендірілген.

«Көбелек» ортаңғы тобы бойынша топта балаларға арналған көрнекіліктер саны бойынша көбейтілді. «Қарлығаш» кіші тобында балаларға көрсетілетін көрнекіліктер жас ерекшеліктеріне сай жөнделді. Сюжетті-рөлдік ойындарды кейбір түрлерін ескерді. Топта ұлттық бұрышы толықтырылды, таратылып берілетін көрнекіліктер саны жағынан толықтырылды, сапасына көңіл бөлінді. Табиғат бұрышын өлі және тірі табиғат заттермен, гүлдермен толықтыру ескертілді.

. Кітап бұрышы балаларға қолжетімді болуын және қауіпсіз болуын ескертті.. Бала ойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру үшін, халық ауыз әдебиетінен ертегілер, түрлі дидактикалық материалдар, ертегі кітаптар бұрышын дамытуымыз қажет, ұсақ маториканы дамытатын ойын құралдарын, қауіпсіз материалдардан жасалған ойыншықтар санын көбейту керек екендігін ескертіледі.

Екінші мәселе бойынша «Тіл – халық қазынасы» іс-шарасын бекіту туралы балабақша әдіскері сөйледі. Ол өз сөзінде М. Жұмабаев «Ұлтқа, тіліне қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттық тілінде сол ұлттық сыры, тарихы, тұрмыс тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады» деген. Тіл байлығы – әрбір ұлттың мақтанышы. Білесіздер жылдық жоспарға сәйкес «Тіл – халық қазынасы» іс-шара өткізуді ортаңғы топтың тәрбиешісі А.Асанова бекітіліп жүктелді. Осы мерекелік іс-шараның сценарийін ән саз жетекшісі А.Самадияровамен бірге ұйымдастырып бекітіңіздер. Топ тәрбиешілері бір апта бойы балалармен

жұмыс жасап, оларға сөз тілін, ана тілін құрметтеу керектігін тәрбие сағаттарында түсіндіріп өтіңіздер. Біздің мақсатымыз балалардың қазақ тіліне деген жанашырлығын күшейту және туған жерін сүйуге, қадірлеуге, бағалап мақтан етуге тәрбиелеу. Осы орайда балабақша қызметкерлері де белсенділік танытуларыңызды сұраймын.

Үшінші мәселе бойынша жалпы ата-аналар жиналысына дайындық туралы да балабақша әдіскеріне тапсырылды. Ол өз сөзінде қазіргі заман талабында отбасы баланың оқу тәрбиесіне араласу қажеттілігі айтылған. Сондықтан ата-ана мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты дамыту өзекті мәселе болып отыр. Ата-анамен балабақша ынтымақтасуы баланы оқытумен тәрбиелеу баршаның ісі. Отбасының да, балабақшасының да, мақсат мүддесі біреу – ол баланың ұрпақ тәрбиесі. Бала тәрбиесі – бір отбасынан ғана емес, бүкіл қоғамдық мемлекеттік абыройлы міндеті. Кезінде Әл-Фараби бабамыз «Ғылым емес, ең алдымен тәрбиеге көңіл бөлу керек, тәрбиесіз адамға ғылым баянды болмайды» - демеп пе еді. Осыған орай бүкіл ата-ана тәрбиеге бет бұруы керек. Ұрпақ тәрбиесіне мүдделі екендігін ата-аналар іс-жүзінде дәлелдеп отырулары тиіс. Міне, осындай ынтымақ бірлігінде ғана ойдағыдай нәтиже берері ақиқат. Сондықтан жыл бойы жүргізілетін жұмыстарды яғни жұмыс жоспарын ата-аналармен бірлесе отырып жасаған дұрыс. Сондай-ақ балабақшада ата-аналардың ұсыныс тілектерімен санаса отырып, лекциялар, әңгімелер, сұрақ-жауап әр түрлі кештер, кеңестер ұйымдастырылуы керек. Ата-аналармен балабақша қызметкерлері бала тәрбиесіне байланысты жұмыстарын бірлесе отырып жасаса, одан нәтиже жақсы болары анық. Құрметті әріптестер сіздер біліңіздер балабақшамызда жалпы ата-аналар жиналысын қыркүйек және мамыр айларында өткіземіз. Биылғы оқу жылындағы өткізілетін жалпы ата-аналар жиналысын атсалысып, ойдағыдай өткіземіз деген ойдамыз.

Төртінші мәселеміз «Алтын күз» мерекесінің бағдарламасын бекіту туралы да айтып өтейін. Баршамызға белгілі күз маусымында, Жер ананың адам баласына ұсынар мол ырыс-несібесі дихандардың таңның атысынан күннің батысы тынбай еңбек етуінің арқасында қамбаға астық құйылады. Бұл мезгілдің халық несібесі, ел ырзығы ғана жинап қоймайды, сондай-ақ оның осы күзінде ұрпақты еңбекке Отансүйгіштікке баулу, табиғатты тану, Жер ананың қасиетін білу және басқа да игі істер негізінде тәрбиелеу ісінде орны айқындала түседі. Жыл сайын мол байлығын ұсынар күз маусымы келгенде балабақшамызда залды тақырыпқа сәйкес безендіріп «Алтын күз» шарасын ұйымдастыруымызды білесіздер. «Алтын күз» шарасының бағдарламасын бекітіңіздер. Биылғы мерекелік іс-шарамыздың тақырыбы «Сұлулыққа толы күз» болмақ. Осы іс-шараны тәрбиешілер және музыка жетекшісі тапсыра отырып, мерекеміздің мән-маңызын ашып көрсете отырып, қызықты өткізулеріңізді сұраймыз.

Шешімі:

1. Топтардың заттық -кеңістіктік дамытушы орта талапқа сай толықтырылсын.
2. Тіл мерекесіне арналған іс-шара жоспары бекітіліп ,ұйымдастырылысын .
3. Балабақша жалпы ата-аналар жиналысы жоспарға сәйкес өткізіліп, хаттамасы жазылсын.
4. «Алтын күз» мерекесінің іс-шарасы сценаріі бекітілсін.

Кеңес төрайымы:



О.Усербаева

Хатшы



Нарова.Н

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№2 хаттамасы

2022 қараша

Қатысқаны – 7

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Тәрбиешілердің серуен бөлімдерін дұрыс жоспарлауы» Тақырыпты тексерудің қорытындысы.
3. Тіл апталығы, «Алтын күз» мерекелерін талқылау.
4. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің бағдарламасын бекіту.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде өткен кеңестің шешімдеріне тоқталып өтті. «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексеру бойынша анықталған кемшіліктердің өз мерзімінде орындалғанынын, топтарда дамыту орталары толықтырылғанын айтып өтті. Дегенмен топтарда театр құралдары, жаңа әдістерге негізделген ойын құралдары толық жасалмағанын ескертті. Балабақша меңгерушісінің міндетін уақытша атқарушысы тәрбиешілерге толық орындауға ескерту берді. Тәрбиешілер келісім берді. Жалпы ата-аналар жиналысы өтіліп, ата-аналар комитетінің төрайымы, мүшелері сайланды. Сондай – ақ ата-аналарға Жетісай ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінен келген хатына сәйкес балалардың күнделікті келуін және қайтуын QR кодпен белгіленуі керектігі түсіндіріліп, көрсетілді.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз сөйледі. Балабақшаның кестесі жоспарындағы «бақылау мен басқару» кестесі бойынша барлық топтарда «Тәрбиешілердің серуен бөлімдерін дұрыс жоспарлауы» тақырыптық тексерудің қорытындысымен таныстырып өтті. Серуен – мектепке дейінгі мекемеде бала әрекетін ұйымдастырудағы режимдік сәттердің негізгі бөлігінің бірі. Серуеннің мақсаты – бала денсаулығын нығайту, шаршаудың алдыналу, денесін шынықтыру, түрлі әрекеттер нәтижесінде организмде болған функционалдық өзгерістерді реттеп, қалыпқа келтіру. Серуеннің міндеті: Қарапайым жағдайда организмді шынықтыру. Мектеп жасына дейінгі баланың физикалық даму деңгейін арттыру. Баланың қимыл-белсенділігін арттыру. Баланың танымдық көркемдік-эстетикалық әлеуметтік тұлғалық дамуына ықпал ету. Серуеннің мазмұны бақылау, еңбекке баулу, қимыл белсенділігін арттыру қимылдық спорттық, ойындар мен жаттығулар, баламен жеке жұмыстар, балалардың өз бетінше әрекеті. Жоғарыда атап өткендей, мектепке дейінгі мекемеде серуенді дұрыс ұйымдастырудың маңызы ерекше. Серуеннің ұйымдастырылуын арнайы кесте арқылы талдау әдіскердің де тәрбиешінің де жұмысын жеңілдетеді. Тәрбиеші өзіне қандай талап, қойылып отырғанын біледі, және серуенді жоспарлағанда жан-жақты ескеріп отырады. Серуенді ұйымдастыруда төмендіге жағдайларға көңіл бөлу: Жер үлескісінде ойындар ұйымдастыруға жағдай жасау. Серуенді балалардың денсаулығын нығайтудың ең маңызды құралы ретінде кеңінен қолдану. Балалардың киімі мен аяқ киімінің ауа-райына

сай болуы. Балаларға жекелей ықпал ету. Балалардың қимыл қозғалысы әрекетін тыныш әрекетпен іскер реттеуге алу. Балалар өмірімен денсаулығын қорғау техникалық қауіпсіздіктің талаптарын сақтау. Серуенді өткізу деңгейін көтеруде. Серуенге бөлінетін уақытты азайтуды болдырмау. Серуеннің құрылысын сақтау. Баланын үнемі бос болмауын ұйымдастыру қажет. Табиғатпен байланыс, ойластырылған байқауларды, серуендерді, әңгімелерді ұйымдастыру – экологиялық тәрбиені дұрыс жолға қою мен қажетті нәтижені алудың кілті. Сондықтан тәрбиешілердің балалармен жүргізетін негізгі жұмыстары табиғат аясында өтеді; бақшалар ауласында, қысқы бақтарға, саябақтарға және қала сыртына саяхаттар жасайды. Табиғат аясында болғанда балалардың бойында адами тұлғаның баға жетпес қасиеті қалыптасады, ол – байқау, қадағалау. Сол себепті, біз баланың бойында біліктілік, танымдық қасиеттерін тиісті мерзімде қамтамасыз етуіміз өте қажет деп есептейміз. Жеңілден ауырға қарай іс-әрекеттерінің мәселелерін аңғартып, кез-келген құбылыстардың барлық қиындықтары мен көпқырлылығын көрсетуіміз керек. Серуендерді өткізгенде дидактикалық, қозғалыс, танымдық, сюжеттік ойындарға аса маңызды көңіл бөлінеді. Табиғат аясында өткізілетін сабақтар балаларға қатты ұнайды. «Жүз рет естігеннен де , бір рет көрген артық» деген сөз бар, ол тегін айтылмаса керек. Объектілерді немесе басқа да құбылыстарды байқау, тікелей қадағалау мен табиғатты аялаудың мәні зор. Көз алдарыңызға елестетіп көріңіздерші, балалардың орман ішіне серуенге шығуы, құстардың шикылдаған дауыстары, самал желдің дауысы естіледі. Сиқырлы серуенде ойламаған жерден қиын жағдайлар болып қалады да, табиғатқа көмек көрсету керек болады. Ондайда балалар ойланбастан көмек беруге асығады. Күнделікті өмірдегі тәжірибеде балалармен мына жұмыстың түрлерін кеңінен қолданамыз: күнтізбе бойынша табиғатты байқау, тірі табиғат бұрышына кезекшілікті ұйымдастыру, театрланған көріністі көрсету, тақырыптар бойынша альбомдар құрастыру.

Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз алды ол кісі өз сөзінде «Тіл – халық қазынасы» апталығының өткізілуіне тоқталды. Кіші «Қарлығаш» тобының «Ана тілім –туған тілім» тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекет өтті. Балалар үйге берілген тақпақтарын жаттап, берілген сұрақтарға, тапсырмаларға белсенді қатысып отырды. Тәрбиеші «Көбелек » ортаңғы тобында «Тіл – халық қазынасы» ұйымдастырылған іс-әрекет талапқа сай дайындалған. Көрнекі құралдар алдын ала дайындалған. Топтан 24 бала қатысып отырды. Музыка жетекшісі мен тәрбиешілер, тәрбиеші көмекшілер ересек «Күн шуақ» тобында «Тіл тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» тақырыбынды мерекелік іс-шара өткізді. Тәрбиеленушілер өз өнерлерін тамаша көрсете алды. Балабақшада тіл апталығының өтілуі «қанағаттанарлық» деп бағалауды ұсынды. Балабақша музыка жетекшісі «Алтын күз» мерекесі жайлы айтып өтті. Әрине бізге оңай болған жоқ. Дегенмен де ата-аналарға рахмет, бізбен кері байланысқа шығып отырды, үйге берілген тапсырмаларды балалармен қосылып орындады. Ата-аналар берілген тапсырма бойынша көкөністер мен жемістерден түрлі заттар жасады. Балалар күз туралы әнді жаттап айтып берді. Ертеңгілік «Сұлулыққа толықүз!» тақырыбында өткізілді. Ата-аналар ертеңгілікке қатысып, балалардың өнерлерін көріп таң тамаша болды. Балалар өздеріне бекітілген өнерлерін өте жоғары дәрежеде

көрсете білді. Кіші жас тобының балапандарының киіп келген сән үлгілері де өздеріне жарасымды жақсы жасалған. Ертеңгілік керемет деп өтті деп есептеймін.

Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгершісі сөз алды. Ол кісі өз сөзінде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының идеясын іске асыру бағытында биыл желтоқсан айына Қазақстан Республикасының 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған «Біздің еліміз-Қазақстан!» атты іс-шара өткізу жоспарланып отыр. Бұл шараның мақсаты: балалардың бойыда Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып, халқының тарихын білуге үйрету, Тәуелсіздік күні туралы терең мағұлмат беру: Қазақстанның болашақ дамуына өзіндік үлес қосатын, қоғамның бір мүшесі болатын ретінде адам құндылықтарын ұғындыру, жауапкеушілік сезімдерін ояту. Балаларға аға-бабамыз аңсаған, армандаған еркіндік, тәуелсіздік Тәуелсіздік деген - білім, таным, даму, ынтымақ пен бірлік. Еліміздің сауатты да еңбекқор отан сүйгіш, ұл-қыздарымызбен бүлдіршіндеріміз бар екенін көрсете білетін, дәлеледей алатындай ұлттық рухани байлыққа сенімге бай іс-шара болуы тиіс. Тәрбиешілер түгел формада, сәнге мән беретін үлгіде болуға шақырамын. Ал ұлттық іс-шараға рәміздер, әндер, билер, ойындар бағдарламада болуға тиісті. Балаларымыз меркекені сезініп, оларда патриоттық сезім оянып, рухани байлық алып, естерінде қалатындай болуға тиісті деп ойлаймын. Ал жаңа жыл мекекелік іс-шараға келсек, әрине ең бірінші ата-аналар шақырылып жиналыс өткізесіздер, Тез жанатын үлпілдек, түкті кілемдерге абай болсын. От шашаулар дабайлап пайдалансын. Өрт қауіпсіздігін сақтауды ескертіңіздер және де жаңа жылыдық қилық таратулар балаға зиянсыз сапалы тиімді болсын, соны да қадағалау керек. Мекекелік бағдарлама әрине қысықы, тартымды, сиқырлы сәттерге толы әдемі костюмдер мен өтіледі. Зал мерекеге сай безендіріледі, номерлердің арасын үзіліп қалғанын есепке алаңыздар. Ата-аналарды қызықты өткізуге, белсенді қатысуға тырысыңыздар. Барлақ бала ойын –сауыққа белсенді қатыссынтыс қалмасын. Балаларды жалықтырып шаршатып алмау жағын да қарастыру керек. Музыка жетекшісі меркекелік сценаримен таныстырды. Ертеңгілік бала жасына сай, таңғажайып сәттерге негізделіп жобаланған. Тақпақтар, әндер бала жасына сай келеді. Музыкант жаңа жыл ертеңгілігін 27-29 желтоқсанда өткізуді ұсынды.

Шешімі:

1. Барлық оқу тәрбие жұмысында тіліміздің мәртебесі биік болып, дамыту жұмыстарын жүргізу. Бағдарламалар бекітіліп мерекелер аталып өтілсін.
2. Тақырыптық тексерудегі ұсыныстар толықтырылып, орындалсын.
3. Жаңа жылдық мерекелік іс-шаралардағы қауіпсіздік шаралары барынша сақталып, ұйымдастырылсын.

Кеңес төрайымы:



О.Усербаева

Хатшы



Нарова.Н

**Меңгеруші жанындағы кеңестің
№3 хаттамасы**

2023 қаңтар

Қатысқаны – 7

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Өткен мерекелерді талдау.
3. «Балалардың даму деңгейінің индикаторы» аралық мониторингтің жүргізілуі.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде өткен кеңестің шешімдеріне тоқталып өтті. Серуен мектепке дейінгі мекемеде бала әрекетін ұйымдастырудағы режимдік сәттердің негізгі бөлігінің бірі болғандықтан, балабақшада серуенді дұрыс ұйымдастырудың маңызы зор. Балалардың серуен кезіндегі уақыттарын тиімді әрі қызықты ұйымдастыру тәрбиешінің міндеті. Балабақшада серуен дайындықсыз өткізілмеуі тиіс. Олар танымдық мақсатқа құрылып, қызықты өткізілуі керек. Балабақшамызда өтілген мерекелер, іс-шаралар талқыланды, бекітілді. Апайларымызға алдағы уақытта творчестволық табыс тілейміз, шаршамай еңбек етіп жүре беріңіздер. Желтоқсан айында өтілген мерекелерді тәрбиешілер талдады.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші А.Таймырзаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде Тәуелсіздік күніне өтілген іс-шараны апайлар өте керемет өтті. Көрнекіліктері, безендіру тақырыпқа сай болды, ортаңғы «Балдырған» топтарының тәрбиеленушілерімен бірге қосылып өтілді. Балалар тақпақтарды жақсы жаттаған. Балаларды Отанды сүйуге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыруға тәрбиелейді. Балалар қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап берді. Тәрбиеші Желтоқсан оқиғасы туралы қысқаша айтып берді. Ортаңғы тобының балалары қолдарына жалауша ұстап музыка ырғағымен марш жасай отырып кірді. Мақал-мәтелдер айтылып, жұмбақтар жасырылды. Балалар өте керемет көңіл-күйде болды. Тәуелсіз еліміздің болашағы балаларымыз аман, денсаулықтары мықты болсын – деп апайымыз сөзін аяқтады. Сөзге тәрбиеші У.Досыбекова шықты. Ол өз сөзінде «Балдырған» тобының өтілген мерекелік іс-шарасы маған өте ұнады. Жаңа жыл – барша адамдардың тағатсыздана күтетін таңғажайып қызыққа, қуанышқа, жырға толы мереке. Барлығымыз да жаңа жылды ерекше ықыласпен күтетініміз құпия емес. Осы мерекенің басты сәні шырша болғандықтан барлығымыз залымызды әсем шыршамен сәндеп, түрлі-түсті шамдармен безендірдік. Жаңа жыл мерекесі балалардың мәңгі естерінде қалу үшін музыка жетекшісі балабақша қызметкерлері көп дайындық жасадық. Балалар жақсы көңіл-күймен Аяз ата мен Ақшақарды қарсы алып, ойын ойнап, өз өнерлерін де көрсетті. Маған ұнағаны мерекені ертегі желісімен өткізді. Залдың іші де ертегі желісімен безендірілген. Балалар тақпақтарын екі тілде айтты.

Әсіресе кішкентай топтың қыздарының «Шырша» биі керемет шықты. Киім үлгілері, қыздардың бірдей қимылдары көздің жауын алады. Биылғы Жаңа жылдық іс-шарасы таңғаларлықтай өзгеше үлгіде өтілді. Кәдімгі ертегі кейіпкерлеріндей сезімде болдық. Балаларда жалықпай, шаршамай жақсы көңіл күйде болды. Балалар бар өнерлерін ортаға салды. Кіріп келген қоян жылын таныстырды. Кішкентай балапандарымыздың «Қояндар» биі апайымен билеген керемет. Балалардың барлығы қоянның киімінде қимылдары өте тартымды апайына еріп жақсы биледі. Ата-аналар балаларының тақпақтарын мәнерлеп айтқанын, ән мен биді келтіріп орындағандарына дән риза болды. Балалар үшін Жаңа жыл – бұл нағыз ертегі. Аяз атамен бірге шырша шамын жағып, ертеңгілік соңында Аяз атадан сыйлықтар алды. Өз балаларының ертеңгілігін тамашалауға келген ата-аналар да тамаша әсер алды. Балабақша қызметкерлеріне алғыстарын білдіріп жатты.

Үшінші мәселе бойынша «Балалардың даму деңгейінің индикаторы» аралық мониторинг туралы әдіскер түсіндірме жұмыстарын жасады. Балалардың дамуына мониторинг жүргізуде педагог – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын; – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын; – бақылау парақтары мен баланың жеке даму картасын толтыру тәртіптерін білуі; – диагностика жүргізу әдістері, бақылау, ойын жағдаяттарын құру, ойын, әңгімелеу, сұрақтар мен жауаптар, бейнелеу әрекеті нәтижелерін зерттеу; – мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын игеру деңгейін есептеу әдістерін; – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеруі қажет. Аралық мониторинг қаңтар айында жүргізіледі. Мониторинг жүргізу ерте жас тобында аралық ал қалған топтарда бастапқы бақылаудан басталады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын игеру бойынша мониторинг жүргізу үшін критерийлерге сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін бақылау бойынша индикаторлар жүйесі жасалды. (1 Қосымша) Ал, бақылау парақтары Excel форматта берілген. (2 Қосымша) сонда алдымен оқу жылы мониторинг алынып отырған топтың атауы, өткізу кезеңі мен мерзімі және балалардың аты-жөні туралы мәліметтер толтырылады. Бақылау парақтарында мониторинг критерийлері (күтілетін нәтижелер) және оған сәйкес 3 индикатор берілген. Мысалы: кіші топ сөйлеуді дамыту бойынша бір критерийге берілген 3 индикатордың біреуі (1 санымен) ғана белгіленеді де қалған индикаторларға ешқандай белгі қойылмайды. Осылай барлық топтағы балалардың нәтижелерін қойып болған соң Excel бағдарламасы автоматты түрде әрбір индикатордың қорытындысын шығарады. Мұнда әрбір критерийдің бірінші индикаторы жоғары, екінші индикаторы орташа, ал үшінші индикаторы төмен деңгейді білдіреді. Бақылау парағының төменгі жағында берілген ұяшықта балалар мен педагогтың Үлгілік бағдарламаның күтілетін нәтижесіне жетудің пайыздық көрсеткішін және одан төменде орналасқан жоғары, орташа, төмен ұяшықтарында балалардың біліктер мен дағдыларды игеру деңгейін автоматты түрде есептеп шығарады. Excel форматта берілген қосымшалармен мониторингті жүргізу, мониторингті автоматты түрде жылдам есептеуге мүмкіндік береді. Осылай әрбір

критерийге берілген үш индикаторға сәйкес балалардың Үлгілік бағдарлама мазмұнын игеруін , өз білімін қолдана отырып, білік дағдыларды игеруін , сондай-ақ балалар мен педагогтың күтілетін нәтижеге жету деңгейлерін анықтауға және баланың жеке даму картасын жүргізу үшін алдағы жұмыстарды жоспарлауға жалпы жеке баламен ,топпен тәрбиелеу –білім беру процесін тиімді ұйымдастыруға болады. Мониторинг осылай әрбір критерийдің индикаторларына сәкес белгілеу ,мониторингті шынай жүргізуге мүмкіндік береді,сондай-ақ топтың Үлгілік бағдарламаны игеру бойынша толық нәтижесін көруге,Үлгілік бағдарлама мақсатына жетуге әрбір баланың қызығушылықтарын , ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып ,жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашуға ықпал етеді.

Шешімі:

1. Мерекелік іс-шараларда ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жасап ,тәрбиешілер мен музыка жеткешісі жоғары деңгейде ұйымдастыруды қолға алсын.
2. Аралық мониторинг нәтижелері бойынша баламен жеке түзету жұмыстары жүргізілсін .

Кеңес төрайымы:



О.Усербаева

Хатшы



Нарова.Н

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№4 хаттамасы

2023 ақпан

Қатысқаны – 7

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Балалармен гигиеналық шараларды ұйымдастыру» салыстыру тексерудің қорытындысы.
3. Мерекелердің өткізілуін талдау.
4. 8 наурыз, Наурыз ертеңгіліктерінің іс-шарасын бекіту.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде өткен кеңестің шешімдеріне тоқталып өтті. Балабақшадағы өткізілген ертеңгіліктер өз дәрежесінде. Көрнекіліктері, безендіру тақырыпқа сай болды. Балалар өте керемет көңіл-күйде болды. Тәуелсіз еліміздің болашағы балаларымыз аман, денсаулықтары мықты болсын. Барлығымыз да жаңа жылды ерекше ықыласпен күтетініміз құпия емес. Осы мерекенің басты сәні шырша болғандықтан барлығымыз залымызды әсем шыршамен сәндеп, түрлі-түсті шамдармен безендірдік. Киім үлгілері, қыздардың бірдей қимылдары көздің жауын алады. Биылғы Жаңа жылдық іс-шарасы таңғаларлықтай өзгеше үлгіде өтілді. Кәдімгі ертегі кейіпкерлеріндей сезімде болдық. Өз балаларының ертеңгілігін тамашалауға келген ата-аналар да тамаша әсер алды. Балабақша қызметкерлеріне алғыстарын білдіріп жатты. Ертеңгілік барысында кеткен қателіктермен жұмыс жасау керек. Оны біртіндеп мен сіздерге түсіндіріп өттім. Қорыта айтар болсам өз ойым ертеңгіліктер жақсы өтті деп есептеймін.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз алды. Ол кісі өз сөзінде «Балалармен гигиеналық шараларды ұйымдастыру» салыстыру тексерудің қорытындысы жайлы айтып өтті. Жақсы да, жаман да ең күшті әдеттер бала кезінен қалыптасатыны белгілі. Сондықтан баланы жастайынан сау дағдыларға тәрбиелеу, оларды дағдыға айналдыру үшін шоғырландыру өте маңызды. Мәдени-гигиеналық білім - санитарлық мәдениеттің негізі, болашақта балалардың салауатты өмір салтын қалыптастырудың қажетті шарты. Балаларды жеке және қоғамдық гигиена дағдыларына тәрбиелеу олардың денсаулығын қорғауда маңызды рөл атқарады, ықпал етеді дұрыс мінез-құлық үйде, қоғамдық орындарда. Сайып келгенде, олардың денсаулығы ғана емес, басқа балалар мен ересектердің денсаулығы балалардың қажетті гигиеналық ережелер мен мінез-құлық нормаларын білуіне және жүзеге асырылуына байланысты. Күнделікті балалармен жұмыс процесінде жеке гигиена ережелерін орындау олар үшін табиғи болып, гигиеналық дағдылар жасына қарай үнемі жетілдіріліп отыруына ұмтылу қажет. Мектеп жасына дейінгі балалардың мәдени-гигиеналық шараларын дамыту проблемасының өзектілігі мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мәселесінде әрқашан бірінші орындардың бірінде болады. Мәдени-гигиеналық шаралар маңызды компонент өзін-өзі ұстау мәдениеті.

Бетті, денені, шашты, киімді, аяқ киімді таза ұстаудың ұқыптылық қажеттілігі гигиена талаптарымен ғана емес, сонымен қатар адамдар арасындағы қатынастардың нормаларымен де белгіленеді. Балалар осы ережелерді сақтау басқаларға деген құрметті білдіретінін, кір қолды ұстау немесе жинақы киімге қарау ешкімге жағымсыз екенін түсінуі керек. Өзіне, сыртқы келбетіне, іс-әрекетіне қалай қарау керектігін білмейтін салақ адам, әдетте, өз жұмысына салғырт қарайды. Мәдени-гигиеналық шараларды тәрбиелеу балаларды әлеуметтендірудің табысы үшін ғана емес, сонымен бірге олардың да маңызы зор дансаулық. Балаға жастайынан қол жууға үйретіледі. Сонымен салыстыру тексеру жүргізілді, кіші топта (2-3 жаста) бала қолын өзі жууға тырысады, ересек адам оған көмектеседі және мұны тамақтанар алдында және кірлегеннен кейін жасау керектігін үнемі ескертеді. Қолды жуғанда және жуғанда жеңдеріңді орап алады, су шашпайды, киімді суламайды, сабын қолданады. Ол өзін матамен құрғатуды біледі, оны белгілі бір жерге іліп қояды. Тісті тазалайды, орамалды уақытында қолданады. Ол аздап көмектесіп, белгілі бір дәйектілікпен дербес киінеді және шешінеді, ұқыпты бүктеледі және киімді іліп, бетіне бұрады. Ол киімдегі қиындықтарды өзі шешуге тырысады, қажет болса ересектерге жүгінеді. Ол аузын жауып тамақты жақсылап шайнайды, шанышқыны қолданады және ернін майлықпен еске салмай сүртеді. Үстелден кетіп, рахметін айтып, орындықты ақырын итереді. Комиссия төрайымы өзім және мүшелері медбике қатысты. Кіші топқа өзара қатысып бақылау жүргіздік. Тексеру нәтижесінде кіші топта жүргізілген гигиеналық шаралар өз дәрежесінде өткізілді.

Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз алды. Ол кісі өз сөзінде «Сиқыршы қыс» тақырыбындағы ойын-сауық іс-шарасына тоқталып өтті. Қыс – мезгіл ішіндегі ең пәк, ең ажарлы, ең сұлуы. Кең даланы ақ көрпеге орап, ақ дүниенің кіршіксіз белгісі болып жататын ақ қардың аңғалдығы, күн түссе еріп кететін нәзіктігін-ай! Басқан сайын табаныңа жабысып, қытырлаған дауыс құлағыңа жеткен кезде құрышы қанып, көңілі босап сала беретіні де рас. Бұл – аппақ қардың дауысы. Қылышын сүйретіп келген қыстың аязы бетті қарыса да, тоңдырса да жаныңызда бір жылулық бар. Бұл – мезгілдің адамға әсері. Қыс – балалық шақтың естелігі. Қыс – аппақ қар секілді кіршіксіз сезімдердің бастамасы. Шанасын көтерген балақайлар, олардың жүзіндегі қуаныш, қамсыз көңіл – бәрі-бәрі адамды бей-жай қалдырмайды. Қыстың самалына тоңған сыңай танытып, құшағыңызға тығылған балаңызды көргенде әлем сіздің алақаныңызда тұрғандай күй болады. Омбы қарға көміліп, аунаған сайын қардың салқыны сезілмей де қалады. Табан астында – аппақ көрпе, төбеңізде – күн сәулесі. Бүкіл әлем күнәсіз періште дүниеге оң көзімен қарап тұрғандай. Сәулемен шағылысып көздің жауын алатын қар ұшқыны бейне бір жақұт тәрізді. Қолыңызға түссе еріп, бетіңізге тисе сусып сала беретін мамық қардың сізге айтары бар секілді. Төрт мезгіл ішіндегі ең ұлы пейзажды жасайтын – қыс. Қаңтарда қақап, ақпанда сеңі соғылып, наурызда қоштасатын мезгілдің сезім алдындағы пәктігін сөзбен жеткізу мүмкін емес. Терезеңізге сезім білдіріп жүрген аязды көресіз бе...? Қыс – тазалық пен пәк көңілдің, тұнықтық пен тылсым құбылыстың мезгілі. Осы қыс мезгілінің ерекшелігін негізге ала отырып ересек «Күн шуақ»

тобының апайлары «Сықыршы қыс» ойын –сауық іс-шарасын өтті. Іс-шара өте қызықты болды. Балалар қызыққаны соншалық тапсырмаларды дұрыс орындап ,сұрақтарға таласып жауап беріп,ойынға белсенді қатысты. Қыстың ерекшеліктерін сезіне білді. Топ тәрбиешілерінің мақсаттары айқын. Сол мақсатқа жете білді.Балалар іс-шара барысында өздерін жақсы көрсете білді.Әсіресе сықыршының тапсырмаларын орындағандары да ауызды толтырып айтарлықтай болды.Сықыршының тапсырмалары тартымды болғаны анық .Әсіресе маған қатты ұнағаны Сықыршы бұл іс-шарада балаларға іс-шара ұнаса, тапсырмалар қиындық туғызбаса қызыл алманы тандаңдар ,ал іс-шара кейбір тұстарында қиналып қалсаңдар көк алманы алыңдар . Енді осы тандауымызды алма ағашына іліп көрейік Сықыршының алма ағашы жемісін беріп, Сықыршы риза болғандағы соншалық, рахметін айтып, балдарға сұлулық тарқатқаны болды . Орта топқа өз тарапы мнан рахыметімді айтқым келеді.

4-мәселе бойынша меңгерушісі сөз алды. Ол өз сөзінде мен сіздерді келе жатқан 8-наурыз Аналар мерекесімен шын жүректен құттықтаймын.Отбастарыңызға бақыт , шаттық ,табыс тилеймін.Наурыз айы мереке айы десекте болады .айтулы екі мереке бар. Айтулы меркелерді өз деңгейінде тойлауымыз қажет.Осы орайда не айтар едіңіздер .Сөзді музыка жетекшісі жалғастырды, біздің бұл мерекелерге байланысты жасап жатқан сценарилеріміз ерекше болмақ . Жоспар бойынша әрбір меркекеге бекітілген апайлармен бірлесе отырып және ақылдаса келе сценарий түзілді. Сценариді бекітуге болады деп есептеймін.

Шешімі:

1. Топта гигиеналық шаралар толығымен орындалсын.
2. Өткізілген мерекелердің кемшіліктері мен жұмыс жүргізілсін.
3. 8- Наурыз, 22-Наурыз мерекесін ұйымдастырып өткізу тәрбиешілер ән жетекшісіне тапсырылсын.

Кеңес төрайымы:



О.Усербаева

Хатшы



Нарова.Н

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№5 хаттамасы

2023 сәуір

Қатысқаны – 7

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Өткізілген мерекелерді талдау.
3. Мамыр мерекелерінің іс-шараларын бекіту.
4. Өз білімін көтеру нәтижелері.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде өткен кеңестің шешімдеріне тоқталып өтті. Балабақшадағы топ тәрбиешілері, көмекші тәрбиешілер балалармен гигиеналық шараларды дұрыс ұйымдастырып келеді. Балалар өздеріне қызмет жасай алады. Апайларының тапсырмаларын бұлжытпай орындап, тексеру барысында жақсы нәтиже көрсете білді. Мереке ұйымдастырушыларына балабақша меңгерушісі алғыс білдіре отырып, жұмыстардың басым көпшілігі сіздердің арқаларыңызда бітуде. Топтағы тәрбиеленуші балалар өздерінің өнерлерін жақсы жағынан көрсете білгендігі ол сіздердің жұмыстарыңыз.

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде көктемнің алғашқы мерекесі – 8 Наурыз Халықаралық әйелдер күні осынау жарқын мерекенің біздің барлық үміттеріміз бен армандарымызды тығыз байланыстыратын көктемнің алғашқы айының басында келуі, жақсылықтың нышаны болса керек. Қашаннан бергі дәстүріміз бойынша ер азаматтарымыз бұл күні Сіздерге – аналарымыз бен апа-қарындастарымызға, қыздарымызға ең ыстық құттықтаулары мен ең ізгі тілектерін жолдайды. Әлемде нәрестеге өмір сыйлап, оны алғашқы қадам басуға үйрететін қасиеттеріңізге тең келер адам жоқ. Сіздердің төзімділіктеріңіз бен махаббаттарыңызға алғысым шексіз! Біздің қазіргі қоғамымызда әйел тек отбасының береке-бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, ол мемлекеттің өмірге және саяси мәселелерге белсене араласатын қоғам мүшесі. Сондықтан біздің елімізде әйел адамның әлеуметтік қорғалуына, олардың өмір сүру деңгейін арттыруға айрықша маңыз беріледі.

Алаштың ұлтжанды азаматтары, ұлттың да, ұрпақтың да бесігін түзейтін, тілімізді де, дінімізді де, ділімізді де ана сүтімен санаға сіңіретін, қазақты тәрбиелейтін қыздарымыз. «Бәрі де адамның өз қолында, ал адам әйелдің алақанында» деген сөз әлемді билейтін де, тербейтін де әйел екенін білдіреді. Тәуелсіз еліміздің бүгінгі күнге нығайып, әлем таныған абыроймен жетулеріне асыл аналарымыз, ардақты жеңешелеріміз бен апа-әпке, сіңлілеріміздің өлшеусіз үлес қосқандығы ақиқат. Отбасының күнбе-күнгі шаруасын, бала тәрбиесін және қоғамдық жұмыстарды қоса атқара жүріп әйел заты біздің қоғамдағы тұрақтылық пен ел бірлігін сақтау мәселесінде шешуші рөл атқарып келеді. Сіздерге сәттілік пен шаттық көңіл серік болсын. Ер азаматтардың сыйластығы мен құрметіне бөлене беріңіздер. «Күннің шуағы – жылы, Ананың құшағы – жылы», – дегендей, дүниеде ананың балаға және барша азаматқа деген мейірімі мен махаббатынан асқан құдірет жоқ. Ананың аялы алақаны мен жылы құшағын сезініп

өскен сәбидің арманы не?! Осы орайда балабақшадағы ересек топ, ортаңғы топ бүлдіршіндері арасында «Сиынар ем Ана деген тәңірге!» тақырыбында мерекелік іс-шара ұйымдастырды. Балалар өз өнерлерін жақсы көрсетіп, әндерін, билерін, тақпақтарын айтып мерекені сезіне білді. Топтағы қызметкерлер балалармен бірлесе отырып балалардың аналарына қолдан жасалған сыйлықтарын жасап күн соңында балаларға беріп жіберіп аналарын қуантты. Наурыз – шығыс елдерінің бүкілхалықтық мейрамы, Ұлыстың ұлы күні. Наурыз шығыс халықтарында жыл басы мерекесі ретінде тойланып, ерекше күн ретінде аталып өтіледі. Қазақ халқы да Наурыз мерекесін айрықша бағалап, оны жыл сайын тойлап отыруды салт-дәстүрге айландырған. Шығыстың данышпандары Махмұд Қашқари, Омар Хаямнан бастап қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин сынды ұлт қайраткерлері де Наурыз туралы еңбектер, өлеңдер, асыл сөздер жазып қалдырған. Наурыз шығыс елдері үшін бірліктің, татулықтың, еңбектің, ізгіліктің, бақыттың мерекесі ретінде тойланған. Сондықтан да болар, бұл күні шаттанбайтын, қуанбайтын, мейірленбейтін адам болмаған. Бұл күні жақсы тілек тілеу, құттықтау, кешірім жасау, табысу сияқты адамгершілік қасиеттер көрініс тауып, кейінгі ұрпақтар сондай жақсы өнегеден үлгі алған. Наурыздың айрықша тәлім-тәрбиелік, үлгі-өнегелік, сән-салтанаттық, мәрт-жомарттық, қадір-қасиеттілік нышан белгілері мен таным ұғымдарының үлгі түрлері өте көп. Оның барлығы әр адамды жоғары саналылыққа, әдептілікке, өнегелікке, бауырмалдыққа, көрегенділікке, ізгілік пен білімділікке баурайды. Наурыз мерекесін асыға күтетініміз, ерекше даярланатынымыз содан болса керек. Наурыз мерекесіне тән – көпшілікке наурыз көже даярланады, ол тағам жеті түрлі дәмнен даярлануы шарт. Халықта наурыз көжені тойып ішкен адам келесі жылға дейін ішім-жемнен тарлық көрмейді деген ұғым бар. Наурыз мейрамы ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Наурыз мейрамы 22 наурыз күні аталып өтіледі. Наурыз парсы, кавказ және түрік халықтарының арасында көктем мейрамы және жаңа жылдың басталуы ретінде тойланады. Халықтың баяғы түсінігі бойынша бұл түні даланы Қыдыр аралайлы. Ұлыс күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Халық таза, жаңа киімдерін киіп бір-бірімен қол алысып, амандасып төс қағыстырып жақсы тілектер айтылады. Мерекеге арнап жеті түрлі дәннен наурыз көже дайындалады. Осы күні адамдар арам пиғыл, пендешілік атаулыдан тазарып арылады. Ауыл ақсақалдары араларына жік түскен бауырлас ел, дастарханнан дәм таттырып, табыстырған, жалғыз жарым жетімдерді үйлендіріп, жеке отау тіккен. Алтыбақан басында ән айтып күй тартады. Дәстүрлі ұлттық ойындар: көкпар, аударыспақ, күрес, қыз қуу, тағы басқа ойындар ойналады. Таң ата көпшілік биік төбенің басына шығып, атқан таңды қарсы алады. 22 наурыз күні күн мен түн теңеледі. Табиғат та жер ана да, жан-жануарлар да оянады. Ынтымағы жарасқан көп ұлтты еліміздің осы бірлігін құдай ұзағынан сүйіндірген. Наурыз мерекесіне орай жылдағы дәстүр бойынша балабақшада «Армысың, ару, нұр-көктем!» тақырыбында ертеңгілік өткізілді. Ертеңгілікте ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіру мақсатында ұлттық салт дәстүрлеріміз бесікке салу, ұлттық ойындарды дәріптеп асық ойынын ойнатты. Асық ойынын ойнауда балалар ерекше қуанышты болды. Белсене қатысып мен шығамын деп таласып та жатты. Бесікке салу дәстүрін ата-аналар өздері көрсетіп мәлімет берді. Алдар көсенің тапсырмаларын орындау барысында балалар қызығушылық танытты. Алдар көсенің тапсырмалары өте қызықты болды. Ертеңгілік өз дәрежесінде өткізілді.

Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскер сөз алды. Ол кісі өз сөзінде мерекені өткізу үшін сценариді алдын-ала ұқыпты, жан-жақты әзірлейді. Балалардың көрсеткен

ойындары, олардың өздеріне қуанышқа бөлейді, бірақ олардың естеріне ұзақ уақыт сақталатындай ерекше құбылыс бола алмайды. Сондықтан, балалар өнерін үлкен кісілердің орындауындағы концерттік номерлерімен кезектестіріп өткізген дұрыс. Мамыр айындағы мерекелер қоғамдық саяси мерекелер болғандықтан салтанатты түрде өтеді. Салтанатта көңілді сауықтар, ойындар, билер, топпен айтылатын әндер дайындалып жатыр. Сөйлегендер, ән саз жетекшісі Ғ. Қосан мамыр мерекелерін қызықты өткізуге болады. Бұл мерекеде балалар өздерін жақсы жағынан көрсетеді. Мерекелік іс-шаралардың құрылған сценаріі өте қызықты, талапқа сай. Сондықтан бекітуге болады деп есептеймін.

Төртінші мәселе бойынша меңгеруші О.Усербаева сөз алып, педагогтардың өз білімін көтеру нәтижелеріне тоқталды Бүгінде ғылым білімге қояр талап артып, оқу жүйесі де күрделенген шақта жаңа қоғам педагогтеріне жүктелер жүк еселене түсуде. Тәрбиеші алдында жай тәрбие, білім беру ғана емес, сонымен қатар өркениет көшіне жол бастайтын, әрі ұлттық рухта сусындаған тәртіпті, білімді, дарынды азаматтар тәрбиелеп шығару міндеті тұр. Бұл жолда тәрбиешінің кәсіби шеберлігін дамыту, біліктілігін арттыру сынды мәселелер мектеп алдында тұрған жауапты іс болмақ. Тәрбиешінің кәсіби даму шеберлігі алған дипломнан кейін әрі қарай тоқтап қалмауы керек. Ол бес жылда бір өткізілетін курстар мен аттестация арқылы дамып отыруы тиіс. Осыған орай арнайы жоспар құрылып сол жоспар жүзеге асырылып отыруы керек. Оның қатарына жүйелі өтетін ашық іс-әрекеттер, түрлі сайыстар, байқаулар, іс тәжірибелерге қатысу кіреді. Сонымен бірге әр түрлі деңгейдегі курстар мен семинарларға қатысу да тәрбиешінің білімін көтерудің жолдары болмақ. Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған негізгі мәселенің бірі білім беру, ғылымды дамыту екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Тәрбиеші қолында, адам тағдыры, болашақ ел тағдыры тұр. Педагогикалық тәжірибені бүгінгі даму деңгейінде белгілі болып отырғандай оқытудың озық әдіс тәсілдерінің бәрін еркін игеріп, әрбір нақты жағдайларға орай ең тиімді әдісін таңдап алу, олардың жиынтығын түрлендіре отырып пайдалану, әрі шығармашылықпен өзіндік білімді жетілдіре отыру негізінде ғана жүзеге асатын іс. Өз білімін көтеру негізінде – оқу-тәрбие үрдісін ұйымшылдықпен жүргізуде тәрбиеші басты тұлға. Осындай талапқа сай қызмет атқару үшін тәрбиеші бірінші кезекте өзінің әдістемелік, саяси-экономикалық, эклогиялық, психологиялық, дидактикалық білімін ұдайы толықтырып үздіксіз іздену үстінде өз мамандығы бойынша білімін жетілдіріп отыруы керек. Сонымен қатар психология мен педагогика ғылымдары жайындағы жаңалықтармен озық тәжірибелерді үнемі пайдаланып отыруы шарт. Әрбір тәрбиеші ешкімге тәуелсіз кәсіби бағыты болуы керек. Сонда ғана мұғалім мен ұжым қызметінің желісі оқу-тәрбие жұмысының нәтижесі бүгінгі күннің талабына үлес қоспақ. Тәрбиеші шеберлігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі методика саласындағы ғылыми жаңалықтар мен озық алдыңғы қатарлы тәжірибені жетік игеру. Демек сапалы, тиімді, нәтижелі ізденіс тәрбиешінің тынымсыз еңбегінің айғағы болса керек. Әрине ізденіс нәтижесінде жүзеге асатын тиімді оқыту әдісі балаларды алғырлыққа, байқампаздыққа, шығармашылыққа еңбекке, ең бастысы, ғылыми негізде ынтасын арттыруға мүмкіндік береді. Әрбір күн өзгеріске толы қазіргі жауапты кезеңде заман көшінен қалмай, уақыт талабына сай болу, білімді өз бетінше үйрену, оны балаларға үйрету әрбәр кәсіп иесінің ең қасиетті борышы, абзал парызы. Балаларды Отанды сүюге, адамдыққа, адалдыққа ізгілікке баулу ұрпақ тәрбиешілерінің абыройлы парызы. Ол үшін педагог қазіргі заманға лайық өзінің білімін беру ісінде рухани, парасатты шығармашылық ізденіспен жұмыс істеп, өмірге еніп жатқан жаңа технологияны меңгерген білігі мен білімі жоғары

ұлағатты тұлға болу тиіс. Балабақша педагогтеріне әр түрлі тақырыптарда өз білімдерін жоспары берілген. Сол берілген жоспарларды орындай отырып, нәтиже шығаруда.

Шешімі:

1. Балаларды балабақшаға қамту мақсатында ата-аналарды балабақшада ұйымдастырылып өткізілген түрлі іс-шараларға қатысуын ұйымдастыру.
2. Ата-аналарға мереке күндерін үйде қалай атап өту керектігі жөнінде кеңес немесе дөңгелек үстел өткізуді ұйымдастыру.
3. Мамыр айының мерекелерінің іс-шарасы түзілсін.
4. Педагогтар өз білімін көтеру үшін тәжірибе алмасу мақсатында әдістемелік құралдарын даярласын.

Кеңес төрайымы:



О.Усербаева

Хатшы



Нарова.Н